

Батырлардың діни-нанымдары

«Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деп қандай да бір үлкен істің батасыз бастамайтын халқымыз сияқты, батырларымыз да батырлық жолына түсерде, алғашқы жорықтарына аттанарда әулие ақсақалдардан, атақты батырлардан, не әке-шешелерінен бата алып шықса, ал жорықта, айқаста, жол жүргенде сыйынатын. Қолдайтын пірлері, әулиелері болған.

Қазақ батырлары сыйнатын пірлердің ішінде көне заманнан келе жатқандары да, ислам діннен енгендері де бар. Олардың кейбіреулері мифтік қаһармандар болса да, ал енді біреулері аты аңызға айналған тарихи тұлғалар.

Солардың ішінде ең бірінші аталатыны Иран, Тұран батырларының пірі – атақты мифологиялық батырлар – Рүстем мен Дастан болса, ал екіншісі – Баба Түкті Шашты Әзиз. «Утемиш-хаджи Чингиз-наме» кітабында ол (Баба Туклас) Өзбек хан кезінде қазақтың ру-тайпаларын ислам дініне енгізген төрт әулиенің бірі болса (Чингиз-наме, 1992, 106, 156 бб.), ал қазақ-ноғай батырлық жырларында Баба Түкті Шашты Әзиз әулие болып, мешіт ұстаған тақуа адам ретінде айтылады (Парпария, 1989, 46 б.). Баба Түкті Шашты Әзиз – Ә. Диваевтің еңбектерінде он екі баулы өзбектің Мұнран руының пірі делінсе (Диваев, 1922, 220 б.), Р. Мұстафинаның зерттеулерінде ол Қазақстанның оңтүстігінде ислам дінін енгізуге ат салысқан әскербасы ретінде көрсетілді (Мустафина, 1992, 82 б.).

Көшпелі халықтардың батырлары пір тұтып, сыйынатын исламға дейінгі көне рухтардың бірі – Ғайып ерен, қырық шілтен.

Көне наным бойынша Ғайып ерен, қырық шілтен көзге көрінбейтін, шілтен деп аталатын қырық нөкері бар адамдарға көмектесіп жүретін рух.

Ислам дінінің енуімен бірге қазақтар мұсылман әулиелеріне де сыйына бастады. Қазақ батырлары сыйынған сондай әулиелердің бірі ислам үшін соғыстарда көп ерлік көрсеткен, мұсылманның атақты батыры, төртінші Халиф болған – Ғали (Әлі, Хазрет Әлі).

Жорықта, жолда жүретіндіктен батырлар Қыдыр (Қызыр) атаны да пір тұтатын. Қызыр баба Шығыста ислам дініне де әулие саналып, кейін мұсылман әулиелерінің қатарына енген.

Қазақтардың көнеден келе жатқан діни түсініктері бойынша әр батырдың айқаста, жорықта, түрлі қиын жағдайларда көмектесетін аруақтары болған. Аруақ – адамның ата-бабаларының қасиеті, киелі рухтары, ал кие – аруақтың

қасиеті, басқаларға тигізетін кесапаты, зияны немесе жақсылығы (ҚТТС, 1985, 1 т., 350 б.; 5 т.; 31 б.).

Батырлардың киесі жайшылықта көзге көрінбейді. Ол тек айқаста, соғыста ғана көрініп, жауды жеңуге көмектеседі. Батырдың киесі болуы оның күштілігінің белгісі. Оған ата-бабаларының аруағы – жолбарыс болып қонған Бәйтік ұлы Тоғаныс батыр туралы аңызды мысалға келтіруге болады. Бұл аңызда Тоғаныс ел қамымен Қоқан бегінің алдына барғанда, бек оның сөздеріне қарсы ештеңе айта алмай, батырдың шаруасын бітіріп шығарып салған екен. Бұған таң қалған бектің нөкерлері «Сізге не болды, Бегім? Жалғыз қазақтың айтқанын берейін деп келісті дейсіңдер ме? Сарайға өзінен бұрын екі жолбарысы кіріп келіп, екі иығыма ақяқтарын салып тұрды ғой.» – деген екен (Дайрабаев, 1992, 15 б.). Осындай аңыздарды қазақ ауыз әдебиетінен көптеп кездестіруге болады.

Қазақ халқының аруақтары, оның киесі туралы діни нанымдарының түп-тамыры өте көне замандарда жатыр. Алғашқы рулық қауымдарды әр ру-тайпалар өздерін белгілі бір аңнан, құстан жаралғанбыз деп түсініп, өзінің тегі саналатын хайуанатқа табынған. Алғашқы қауым заманындағы адамдардың бұл көне діни нанымын, «тотемизм» деп, ал ру-тайпалардың тегі саналған Хайуанаттарды «тотем» деп атайды (Токарев, 1990, 51-82 бб.). Көне түріктердің өздерін көк бөрінің ұрпағымыз деуі және т.б. мысалдар осы көне тотемдік нанымның дәлелі.

Зейнолла САМАШЕВ пен Жұмаш ЖЕТІБАЕВТЫҢ «Қазақ петроглифтері (көне тамыры мен сабақтастығы)» кітабынан алынды. Алматы, 2005 ж. 13-16 беттер.